

Баспасөз релизі

«Қазақстан Халық Банкінің» еншілес ұйымы «Halyk Finance» АҚ Cbonds ақпараттық агенттігінің пікірі бойынша 2015 жылы «Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банк» және «Қазақстандағы қаржылық нарықтары бойынша ең үздік аналитика» номинацияларында жеңімпаз болып шықты

26 мамыр

2015 ж.

Cbonds, ТМД-дағы жетекші қаржылық ақпараттық агенттіктерінің бірі, “Cbonds Awards CIS 2015” жеңімпаздарын анықтау үшін ТМД-дағы қор нарықтары бойынша тәуелсіз сарапшылар арасында сауалнама жүргізді.

Дауыс беру нәтижелері бойынша ТМД бағалы қағазар нарығының сарапшылары «Қазақстан Халық Банкінің» еншілес ұйымы «Halyk Finance» АҚ (бұдан әрі – «Halyk Finance») 2015 жылғы «Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банк» және «Қазақстандағы қаржылық нарықтары бойынша ең үздік аналитика» деген 2 ең беделді номинацияда сөзсіз жеңімпаз деп атады.

Cbonds агенттігінің пікірі бойынша Halyk Finance «Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банк» номинациясында қатарынан 2-ші жыл жеңіп алды, бұл Halyk Finance-тың қаржылық нарығындағы жетекшілігін дәлелдейді.

Жеңімпаздарды марапаттау Cbonds агенттігі Баку қаласында, Әзербайжанда, 21-22 мамырда жүргізген «ТМД және Балтия елдерінің XII Облигациялық Конгресі» атты конференцияда өтті.

«Halyk Finance» АҚ – Қазақстандағы жетекші инвестициялық банк, ол инвестициялық-банктік қызметтердің толық кешенін көрсетеді, солардың ішінде қаржылық консалтинг пен андеррайтинг (корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарын шығару мен орналастыруды ұйымдастыру), корпоративтік қаржыландыру қызметтері (соның ішінде компаниялардың акциялары мен қатысу үлестерін сатып алу/сату бойынша М&А кеңес беру қызметтері және корпоративтік борыштық қайта құрылымдау), брокерлік қызметтер және бағалы қағаздарды сату, KASE сауда алаңындағы маркет-мейкердің қызметтері, инвестициялық портфельді басқару, сондай-ақ жүйелі түрде көрсетілетін аналитикалық қызметтер.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ең үлкен клиенттер базасы мен ең ірі филиалдар желісі бар Қазақстандағы жетекші қаржы тобы және жетекші бөлік банк болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келеді, өзінің бөлік клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттеріне қызметтердің кең ауқымын ұсынады (банктік, брокерлік қызметтер, сақтандыру, лизинг және активтерді басқару жөніндегі қызметтер). Сонымен қатар Халық банкі өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асыруда.

Cbonds – қаржы нарықтары саласында маманданатын ақпараттық агенттік. Cbonds тобы өз қызметін Ресейде, Украинада және Қазақстанда бизнестің келесі бағыттары бойынша іске асырады: ақпараттық сайттарды қолдау және дамыту (Cbonds.Info u Investfunds), тақырыптық конференциялар мен қаржы нарықтары бойынша көрмелерді жүргізу, баспа қызметі (Cbonds Review журналы және жыл сайынғы анықтамалықтар).

Охонов Фархад
«Halyk Finance» АҚ Қаржылық кеңес беру
және андеррайтинг департаментінің директоры
www.halykfinance.kz
тел.: + 7 (727) 330 01 52

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
www.halykbank.kz
тел. +7 (727) 259 08 16